

Әдебиеттер тізімі

1. **Ыбырай Алтынсарин.** Алматы «Ғылым» баспасы, 1994 ж.
2. <https://bilim-all.kz/article/5289-Ybyraidyn-ulattyq-talim-tarbiyedegi-agartushylyq-rol-i> Ыбырайдың ұлттық тәлім-тәрбиедегі ағартушылық рөлі.
3. **Е. Жаубай, Н. Молдабайқызы.** Қазақтың жазылмаған психологиясы. А, «Мұқаба» 2020 ж.
4. **С. Мирсеитова.** Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қарағанды – 2011 ж.

ӨОЖ 711.7

БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Калиева Ж. С. – Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы «№25 жалпы білім беретін мектеп» КММ Информатика пәні мұғалімі.

Бүгінгі таңда мемлекеттің алдына қойған мақсаты мен мұраты тарих сахнасынан өзіндік орын ала отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылу болса, бұл қажеттілікті қанағаттандыру үшін ел ертеңі бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруге бүкілхалықтық дәрежеде мән беру – қазіргі таңдағы үлкен мәселе. Жұмыста оқу процесінде инновациялық технологияларды қолданудың негізгі ерекшеліктері қарастырылған.

Түйінді сөздер: білім беру, проблема, оқу процесі, инновация, оқыту жүйесі, негізгі қиындықтар, оқытушы, оқушы

Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орыны ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы болатын ұстаз кодында. Н. Ә. Назарбаев «Болашақта еңбек етін, өмір сүретіндер бүгінгі оқушыларды, оқытушылар оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр» – деген. Ендеше білім беруде оқытушы білігі мен білімі өте жоғары ұлағатты тұлға болу міндетті. Басқа ешбір мамандық адамға дәл оқытушыға қойылғандай жоғары талаптар қоймайды.

Қай елде болсын, балаға білім беру ісі елеулі орын алып, онымен шұғылданатын мамандарды ізденіске итермелен отырған. Себебі еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел қожасы - жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ.

Қазіргі таңда еліміздің келешегін, нағыз өз елін сүйетін әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу – біздің басты парызымыз. Сапалы білім беруде нәтижеге жету үшін әрбір атқарылатын істің жан-жақты ойластырылған, нақтыланған, үйлестірілген, стратегиялық жаңа жұмыс жоспары жасалуы тиіс екендігі белгілі. Басты мәселелерді айқындау, білім беру ісін жоспарлау, келешекті болжау, жұмысты ғылыми тұрғыда ұйымдастыру қажет.

Жас жеткіншектерді тәрбиелеуде, білім беруде алдыға қойған басты мақсат – білім беру мен тәрбие үрдісіне инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыру, өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін қастерлейтін және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани тұлға тәрбиелеу құндылықтарға ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу [2].

Қазір еліміз өркендесін, өссін деген саналы адамның ойында алдымен Елбасының елу елдің қатарына қосылу туралы зор мақсаты тұру керек. Қазір мемлекетіміздің басшысы ғылымды да, білімді де осы мақсат жолына бағыштап отыр. Президент жолдауындағы білім алдына қойылған міндеттер өте маңызды.

Егерде біз жоспарлар мен іс-әрекеттерімізде жүйелілік пен іскерлікке жетсек, онда бұл міндеттерді орындау әбден мүмкін.

Қазіргі кезде білім стандарты жасалып, жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологиядан іздену, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатында жұмыстар жүргізіл жатыр. Білімді жеке тұлғаға қарай бағыттау оқушының «Мен» менталитетін қалыптастыру, оларды өзін-өзі таныту үшін еңбектену оқытушылар қауымына үлкен мақсаттар жүктеді.

Оқу үрдісін технологияландыру – оқушымен оның оқу қызметін басты назарда ұстап отырып, бірізділікпен айқын белгіленген мақсаттарға бағытталуы. Оқыту технологиясы бұл оқушылардың өнімді қызметін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін оқыту жағдайларына, нысандарына, әдістеріне, тәсілдеріне, құралдарына басымдық береді.

Оқыту технологиясы оқытушылардың эмпирикалық – инновацияларын ескере отырып, оқыту үрдісін, дұрыс ұтымды ба дамытуды қарастырады, Оған өзара бір-бірімен байланысты екі үрдіс енеді: білім алушының іс-әрекетін ұйымдастыру және оқушы тұлғасын дамытудағы жоғарға нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттерді бақылау. Бұл үздіксіз әрекетте болады. Оқытушы нәтижесі – білім берген шәкіртінің өмірден бүгінгі күн талабына сай орын табуы мен алған білімін өмірде пайдалана білу [3].

Педагогтың кәсіби құдіреттілігі төмендегідей критерийлерді қамту қажет:

- Пәндік (қалыптасқан пәндік біліктілік, өз кәсіби қызметінің мәселелерін шеше алуы);
- Бақылау-талдау (өзінің пәнінің бақылау және талдау мәселелерін шеше алуы);
- Ұйымдастырушылық (оқушының өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастыруда кездесетін мәселерді шеше алу);
- Қарым-қатынастық («оқытушы-оқушы», «оқушы-оқушы». «оқытушы-ата-ана» жүйелеріндегі қарым-қатынас мәселелерін шеше алуы);
- Адаптациялық (өмірдің өзгермелі жағдайлары мен талаптарына сай бейімделу мәселелерін шеше алуы);
- Мотивациялық-психологиялық (тұлғалық және тұлғааралық, ішкі қайшылықтарды, тұлғаның психологиялық мәселелерін шеше алуы).

Кәсіби білім беруде енгізілген жаңалық тек педагогикалық емес, ол граммдық та мәселе болып табылады. Білім беру қызметі қоғам үшін ерекше білдіріп, оқушылар үшін бұл саладағы жаңалыққа қоғамның мүдделі айтуымыз керек.

Білім беруде жаңалықпен қоғамдағы жаңалық бір ғана мақсатты сезбейді, олар даму мен прогресстік қабілетін арттыру қажет.

Білім беру жүйесі құрылымының өзі қоғам үшін өмір сүріп отырған деңгейінде сақтап қалу үшін оның тамыры табиғатта, біздің қоғамның негізінде жатқанын түсіну керек. Дәл сол себептен қоғам құрылымындағы әрбір маңызды өзгеріс өзімен бірге білім беру жүйесін де жаңалыққа тартады.

Тұжырымдаманың басты артықшылығы мен ерекшелігі білім берудің ұлттық жүйесін қайта құрудың принципті жаңа идеяларын ұсынуында болып отыр.

Бүгінгі қоғамда білім қабырғасында және жоғарғы оқу орнында білім туып жатқан жас ұрпақ алдында «Қазақстан - 2050» бағдарламасында көрсетілген «Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының артуы» сияқты ұзақ мерзімдік асыру стратегиясын үшінші онжылдықта жүзеге асыру міндеті тұр [6].

Қоғамдық саладағы өзгерістерге сай жоғарғы талаптар қоя отырып, экономикалық бәсекелестік жағдайында сапалы мамандар даярлау қажеттігін алға тартады.

Білім берудің мақсаты, оның ұйымдастырушылық құрылымы, технологиялық жағынан жабдықталылуын, оқыту әдістемесі қоғамның әлеуметтік

сұранысынан туындайды. Осыған дейін білім беру үрдісінің негізгі бөліктері:

Мақсат – мазмұн – форма – әдіс-оқыту көрнекілігі болса, бүгінде жаңа технология бойынша оқып үйрену-меңгеру-өмірге ендіру-дамыту деп өзгерген.

Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар оқушының оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді.

Технология – бұл қандайда болсын істегі, шеберліктерге, өнердегі амалдардың жиынтығы легенді білдіреді [4].

Қазіргі кезде көп айтылып, талқыланып жүрген жаңалықтарды оқудың үрдісіне енгізу, яғни инновациялау инновациялық үш бөлімнен тұрады.

1-бөлім. Кәсіби шеберлік.

2-бөлім. Біліктілік дағдылары.

3-бөлім. Жүзеге асыру, қолдану.

Ойын сабақ оқушылардың логикалық ой-өрісін, сана сезімін дамытуда, олардың әр-түрлі шамалар мен бірліктердің, терминдер мен заңдылықтардың, құбылыстар мен өзгерістердің атын есте сақтауға көмектеседі.

Сабаққа дайындық барысында оқушылар әр-түрлі газет журналдарды, көмекші құралдармен анықтама кітаптарды пайдаланады, яғни бір сөзбен айтқанда оқушылардың өз бетінше шығармашылық ізденіспен жұмыс жасау қабілетін арттырады.

Қорытынды. Сондықтан, технологиялар мен оқыту өзгерістері оқу парадигмаларының мазмұны мен талаптарына сәйкес келуге тиіс. Кез-келген жерде түрлі ақпаратты жеткізу үшін мүмкін алып, World Wide Web қолданып, дамыту, кез-келген мөлшерде материалды қысқа мерзімде қатаң жоспарлау арқылы, кез-келген қашықтықта әлемдік білім мен мәдениеттің дамуына БАҚ елеулі әсерін тигізеді.

Бұл жағдайда жаңа оқу материалын өзін-өзі меңгеру негізінде білім берудің жаңа философиясы енгізіліп, мүмкіндік тудырады. Алайда, біз ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуында жас ұрпақтың рухани талаптарына сай келмейтін әлемдік экран мәдениетін құлыптай аламыз, дегенмен бұл шын мәнінде ықпал етеді деп ескермеу мүмкін емес. Жоғарыда айтылған поэзия, көркем сөз, дәстүрлі рухани құндылықтар мен компьютер арасындағы байланыс, әлем бойынша таралып, кез-келгеннің қол жетімді құралына айналды [5].

Белгілі оқу үрдісін ыңғайлы құру, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі іске асыру үшін жасалған жағдайларды қамтамасыз ету, компьютерлік оқыту құрылымы, мазмұны мен технологиясын анықтау, әдістемелік, әдістемелік, технологиялық тәсілдерді тұтас қарастыру – білім беру саласындағы

компьютерлерді пайдаланудың басты тәжірибесі болып саналады. Сіз жеке дидактикалық компьютерлік ортаны бағдарламалап, жасасаңыз ақпараттық технологиялардың ғана тиімді екенін көрсететін білім беру процесінің жеке ерекшеліктерін көреміз.

Қазіргі оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологиялар кеңінен енуде. Оқушыны пәнге қызықтырумен қатар, саналы ойлауға тәрбиелейтін, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра алатын, өзіндік пікірі бар, қоғамдағы болып жатқан түрлі қарама-қайшылықтарды түсіне білетін, еркін сөйлеп, өз пікірін ашық айта алатын ойлы ұрпақ тәрбиелеуде сабақтың маңызы зор. Сол сабақ атты театрдағы басты кейіпкеріміз – оқушы болса, онда барлығымыздың бағытымыз бір, бағдарымыз байсалды болмақ. Әр оқытушы оқушыға көпқырлы сабақ беретін болған соң, қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жана технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануы тиіс. Оқытушы шеберлігі – ізденіс нәтижесі. Сондықтан, орыстың ұлы педагог-ғалымы К. Д. Ушинскийдің "Оқытушы – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана оқытушы, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның жойылады" деген. Бұл "Ұстаз" атты ұлы сүрлеуге соқпағын салып жол тартқан көкірегі ту, көзі ашық әрбір адамға берілген елеулі ескерту. Сабақты тартымды еткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдалану қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. **Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы.** 2007 ж.
2. **Еркебаева Г.Г.** Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің міндеттерту, бағыттары мен мазмұны. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Шымкент, 2011. – Б.6-9.
3. **Смирнова С.А.** Педагогика: теории, системы, технологии. – М., 2006.
4. **Беспалько В.П.** Слагаемые педагогической технологии. – М., 1989.
5. **Халыкова К.З., Абдулкерімова Г.А.** Педагогикалық информатика /білім беруді ақпараттандыру. – Алматы, 2007.
6. **Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.**

ӘОЖ 37.01

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Касенова Т. Б. – ағылшын тілі мұғалімі, Шығыс Қазақстан облысы Аякөз қаласы «Дулат Бабатайұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ.

Ыбырай Алтынсарин қазақтың салауатты білімді болуына бар еңбегін жұмсаған, аса көрнекті ағартушысы, жаңашыл педагог, әрі ақын, әрі жазушы, әрі аудармашы. Бір сөзбен айтқанда өз заманының ақыл ойшылы, қоғам қайраткері. Бар санаулы ғұмырын қалған жаңа заманның өркендетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған, қара қазақтан шыққан бірінші адам. Ол балалар әдебиетінің – атасы. Сонымен қатар, таза қазақ тілінде қолжазба газетінде бір номерін дайындаған. Тұңғыш оқулық шығарған адам да осы – Ыбырай Алтынсарин.

Қазақ жастарының салауатты, білімді болуына бар еңбегін жұмсаған ағартушы ұстаз, жазушы, этнограф Ыбрай Алтынсарин.

«Кел, балалар, оқылық.

Оқысаңыз, балалар,

Шамнан шырақ жағылар,

Тілегенің алдыңнан іздемей-ақ табылар» осы өлең жолдарында адамды мектепке тартатын бір жылулықты байқаймыз. Расында, қазақ балаларын білім алуға шақырғанын айқын көруге болады. Яғни білімді болған адамның өмірі, болашағы жарқын болатынын ашып түсіндіріп көрсеткен.

Ыбырай Алтынсарин балаларды білімге шақырып қана қоймай, ұстаздық жолында қызмет атқарған. Ол өзінің ұстаздық қызметін бүкіл ынта, жігерімен жасаған. Ыбырай Алтынсаринды қазақ балалар әдебиетінің атасы деп атаған. Ол қазақ балаларын үшін өлең, тәрбиелік мәні бар әңгімелер жазумен бірге орыс әдебиетіндегі бірқатар ақын, жазушылардың шығармаларын қазақ тілінде аударып, балаларға ұсынды.

Ыбырай Алтынсарин дарынды жазушы да болды. Ол негізінен өз еңбектерінің басым көбін балаларға арнап жазған. Балалар түсінікті, тілге жеңіл тиетін оқулық пен оқу құралдарын және көркем шығармалар жазды.